

ПРОЕКТ ВНЕДРЕНИЯ ИТ-РЕШЕНИЙ В ОБЛАСТИ БЕЗОПАСНОСТИ И ОХРАНЫ ТРУДА ПОЗВОЛЯЕТ ОБЕСПЕЧИТЬ АБСОЛЮТНУЮ ПРОЗРАЧНОСТЬ В УПРАВЛЕНИИ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТЬЮ И НУЛЕВУЮ ТЕРПИМОСТЬ К НАРУШЕНИЯМ ТРЕБОВАНИЙ ПО БЕЗОПАСНОСТИ ТРУДА, ЯВЛЯЕТСЯ СУЩЕСТВЕННЫМ ШАГОМ К ПОВЫШЕНИЮ УРОВНЯ КУЛЬТУРЫ БЕЗОПАСНОСТИ ТРУДА.



Асхат САРИЕВ,
директор департамента производственной безопасности и экологии АО «НК «ҚТЖ»



№86 (2694)
19/10/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫБЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бүгінгі таңда теміржолдың цифрландыру бойынша технологиялық даму қарқыны өте жоғары. Ұлттық компанияда дәуір талабына сай әрі көлік саласындағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін жаңа цифрлық шешімдер енгізілуде. Сандық технологияның енгізілуі жүк және жолаушылар тасымалының қызмет сапасын арттырып қана қоймай, қозғалыс қауіпсіздігі талаптарына да жауап береді. Бұл туралы «Рельспен жүретін көліктерге арналған цифрлық шешімдер» атты жуырда өткен семинар барысында айтылды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

Жалпы бұл шара Қазақстандағы көлік апталығы шеңберінде ұйымдастырылып, негізінен елімізде алғаш рет Майлытоғай станциясында жаңа CTRL@LOCK 400 микропроцессорлық жүйенің енгізілуіне арналды (2 бетте). Семинарға «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Котырев бастаған теміржолшылар және компания серіктестері – «ЛокоТех-Сигнал», «Транстелеком» АҚ, «ISKRAKOM», «Rtel Group» компаниялары, сонымен қатар ҚР Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі көлік комитеті өкілдері қатысты. Қазақстандағы Майлытоғай станциясының ЭЦ постын жаңғырту бойынша жүзеге асырылған жоба туралы «ЛокоТех-Сигнал» ААҚ операциялық директоры Владимир Ионов жан-жақты баяндап берді. Жобаны енгізуде Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы мамандарының еңбегі зор екенін атап өтті.

Майлытоғайда ЭЦ постын жаңғырту жобасына Италияда жасалған технология қолданылған. Б.Котырев бұл 1520 кеңістігінде жүзеге асырылған бірінші тәжірибе екенін атап өтті. Жалпы Қазақстан теміржолында автоматика, телемеханика және байланыс саласына енгізіліп жатқан цифрлық жүйелер туралы компанияның телемеханика автоматикасы және телекоммуникация департаментінің директоры Алексей Әбдірахманов баяндама жасады.

Ал «Rtel Group» компаниясының директоры Ермек Бекенов Жетіген-Алтынкөл телімінде TETRA стандарты бойынша «Диспетчерлік орталықтандыру жүйесі» жобасының жүзеге асырылуына тоқталды. Инфрақұрылым диагностикасына арналған цифрлық шешімдер туралы «ҚТЖ» компаниясының стратегиялық серіктесі «Транстелеком» АҚ басқарма басшысының орынбасары Мұрат Ахметов сөз қозғайды. Семинардың екінші жартысы «Жылжымалы тартым құрамына арналған цифрлық



шешімдер» тақырыбында өрбіді. Осы орайда ұлттық компанияның қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Марат Шаменов те өз ойын жеткізді. «Теміржол көлігіндегі цифрлық технологияны дамыту осы саладағы нысандардың жағдайын бақылау мен диагностикалау, оларды пайдалану үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Ғылыми-техникалық үдерістің негізі қауіпсіздіктен құралған. Ұлттық компания тартымдық жылжымалы құрам үшін де цифрлық шешімдер енгізуде. Бұл сессияда локомотивтердің борттық жүйесі, Қазақстан темір жолы желілерінің өткізгіштік қабілетін арттыру технологиясы туралы сөз болады. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен «Жолаушылар тасымалы» АҚ локомотивтері борттық жүйемен

жабдықталған, олардың «Автожүргізу» және бейнебақылау жүйесі, катушка диагностикасымен байланысты қосымша функциялары бар», – деді ол. Ұлттық компанияның техникалық саясат және реттеу департаментінің директоры Талғат Қанатбаев «Локомотивтердің борттық жүйесін дамытудың негізгі және алдағы кезеңдері» тақырыбында баяндама жасап, толыққанды ақпарат берді. Семинар соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Котырев пен «ЛокоТех-Сигнал» ААҚ операциялық директоры Владимир Ионов «Қазақстан темір жолы» компаниясының CTRL@Vision 100 we жүйесін енгізу бойынша Жол картасы туралы келісімге қол қойды.

Суретті түсірген автор

ЗАДАЧИ ВЫПОЛНИМЫ



В Алматы состоялось производственное совещание с руководителями железнодорожных подразделений региона под председательством главы АО «НК «ҚТЖ» Нурлана Сауранбаева.



В ходе совещания Нурлан Сауранбаев подчеркнул, что усилия коллектива Алматинского отделения грузовых перевозок должны быть направлены на обеспечение бесперебойного следования поездов и сокращение простоя вагонов. Сегодня это большой узловой хаб с высокой грузонапряженностью. Через Алматинский регион проходит порядка 60% транзитных поездов.

В 2022 году планируется приступить к строительству обводной линии вокруг Алматы. Проект позволит переключить транзитный грузопоток на новый кратчайший маршрут, повысить скорость движения и разгрузить станцию Алматы-1 до 40%.

Помимо планируемого строительства обводной линии вокруг Алматы необходимо активизировать и усилить работу с грузоотправителями по своевременной приемке грузов, – отметил председатель правления АО «НК «ҚТЖ».

Нурлан Сауранбаев поставил перед алматинскими железнодорожниками ряд конкретных задач по повышению производительности труда и качества транспортных услуг. Наряду с этим он поручил усилить работу по контролю за безопасностью движения, охране труда, а также уделить особое внимание вопросам социальной защищенности работников.

Алматинское отделение всегда отличалось своими людьми. Здесь всегда работали профессионалы, преданные своему делу. Уверен, что команда квалифицированных кадров успешно справится с задачами на этом сложном участке, – сказал в завершение совещания Нурлан Сауранбаев.

Кирилл МАКСИМОВ
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

НА ПЕРВЫЙ РЕЙС В ЖЕНСКИЕ ВАГОНЫ НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕРЕВОЗЧИКА ОФОРМИЛИ ПРОЕЗДНЫЕ ДОКУМЕНТЫ

92
ПАССАЖИРА

ЗА 9 МЕСЯЦЕВ Т.Г. ПЕРЕВЕЗЕНО КАЗАХСТАНСКИМ ПОТРЕБИТЕЛЯМ СВЫШЕ

53 млн тонн
УГЛЯ

НА СЕГОДНЯ ПО ВСЕМ КУРСАМ В ОБЛАСТИ УПРАВЛЕНИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТЬЮ ОБУЧЕНО

29 379
РАБОТНИКОВ ҚТЖ

Құттықтаймыз ВИКТОРИЯ – МИЛЛИОНЫНШЫ ЖОЛАУШЫ

Кеше «Нұрлы жол» темір жол вокзалы кешенінде №67 «Өскемен – Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол» бағытындағы Тальго пойыздан 2021 жылдың миллионыншы жолаушысы келіп түсті. Ол жеті-сегіз шамасындағы бүлдіршін қыз Виктория Кран екен.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Виктория анасы Наталья Кран мен бас шаһарға бет алған Тальго пойызына Павлодар қаласынан түнгі сағат 3 шамасында отырды. Таңғы сағат 10-ға тауу «Нұрлы жол» теміржол вокзалына келіп тоқтаған пойыздың 4-ші вагоннан түскен миллионыншы жолаушыға «Жолаушылар тасымалы» АҚ серіктесі «Казтехнолог» АҚ компаниясымен бірге соңғы буын «IPAD» гаджетін, сымсыз құлаққап, тәтті шоколадтар салынып, әдемі безендірілген себет және керемет екі – бірі үлкен, екіншісі кішігірім гүл шоқтарын сыйлады.

Миллионыншы жолаушының анасы Наталья Кран бұл тосын-

сыйға таңырқаннан аузына сөз туспей тұрғанын айтып, «Жолаушылар тасымалы» АҚ өкілдеріне шексіз алғысын білдірді. Ал Виктория болса, пойызбен жүрген ұнағанын, енді ұшақпен ұшқысы келетінін жеткізді.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Kaztechnology» ЖШС-мен ұзақ мерзімді келісімшартқа отырған. Серіктес компания Тальго пойыздарында мультимедиялық портал қызметін көрсетеді. Біз жаңағы ұзақ мерзімді келісімшарт шеңберінде жыл сайын еліміздің өңірлеріне 15 бағыт бойынша қатынайтын Тальго пойыздарының жолаушылары арасынан миллионыншы жолаушыны анықтап,



Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



Елеубай САПАРОВ,
Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры:

ЖАҢАҒЫНДЫҚ ҮРДІСТЕН ҚАЛМАУ ҮШІН ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ – ОЛ ЗАМАН ТАЛАБЫ. СОНДЫҚТАН, ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДА ЖАҢА ӨДІС ТАЛАПТАРДЫ ҚОЛДАНУ КЕШЕНДІ БАСҚАРУДЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ АЛҒА ЖЕТЕЛЕУДЕ. СОНЫҢ БІРІ, СЕГІЗ ЖЫЛДАН БЕРІ АТЫРАУ Өңірінің жол дистанцияларына енгізіліп отырған OLIVER WYMAN КАНАДАЛЫҚ ӨДІСІ. Бұл өдістің артықшылығы Адам ресурстарына мейлінше аз салмақ түсіріп, басты басымдылықты техникамен сапалы жұмыс жасауға бөледі!

ИЗ ШАНХАЯ В ГАМБУРГ



Через станцию Достык впервые проследовал контейнерный поезд из Шанхая (Китай) в Гамбург (Германия). Планируется, что поезда по этому маршруту будут курсировать еженедельно.

Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

В составе поезда – 50 сорокафутовых контейнеров, грузных одеждой, автозапчастями, солнечными панелями, посудой, мебелью, предметами первой необходимости, деталями машин и другими товарами. Поезд отправился в путь со станции Миньхан (MINHANG) в конце сентября. По прибытии на погранпереход Достык/Алашанькоу осуществлены перегрузочные работы с узкой колеи на широкою. Через регулярные сервисы

ОТЛК ЕРА контейнерный поезд проследует транзитом по территориям Казахстана, России и Беларуси до погранперехода Брест/Малашевиче, и далее по Польше и Германии до станции назначения Гамбург. Расчетное транзитное время составляет две недели, что как минимум в два раза быстрее, чем по морю.

– В 2021 году мы наблюдаем стремительное восстановление и рост мировых экономик, что приводит к сопоставимому росту спроса на логистические услуги. Крайне сложная ситуация на рынке морских перевозок, где нехватка кон-

тейнерного оборудования, а также различные форс-мажорные обстоятельства привели к скачку стоимости перевозок и снижению уровня надежности поставок, – отмечает генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром. – При этом железнодорожные сервисы демонстрируют рынок качественное развитие, что привлекает внимание грузоотправителей. Железнодорожный транспорт играет важнейшую стратегическую роль «сухопутного моста» между Европой и Азией, предлагая именно то, что требуется грузоотправителям: регулярность отправок,

кратчайшие сроки и стабильные цены.

Подтверждают слова Алексея Грома и китайские коллеги. Так, по сообщениям Шанхайской таможни, поезд по маршруту Миньхан – Гамбург будет курсировать на еженедельной основе, «предоставляя новые логистические возможности для предприятий внутри страны и за рубежом». Уже на эту неделю запланирован к отправке контейнерный поезд во встречном направлении из Европы в Шанхай, который будет загружен в том числе экспонатами стран – участников IV Китайской международной выставки импортных товаров и услуг СІЕ 2021.

– В настоящее время на фоне взлета цен на морской и воздушный транспорт из-за пандемии грузовые поезда Китай – Европа стали важным элементом цепочки поставок Центральной Европы и Центральной Азии, – прокомментировал запуск регулярного сервиса представитель Шанхайской таможни Чжао Хунлинь.

УСЛОВИЯ ДЛЯ РАЗВИТИЯ



О реализации совместных условий для создания и развития логистического хаба в Казахстане договорились Союз транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» и компания Dubai Logistics World.

Подписи под меморандумом о сотрудничестве поставили генеральный директор KAZLOGISTICS Ерлан Абсатов и председатель Совета директоров Dubai Trade, управляющий директор DT World Махмут аль Бастаки.

Развитие логистического хаба в Казахстане планируется в рамках первой глобальной программы лояльности в области грузовых перевозок и логистики World Logistics Passport.

Она запущена Шейхом Мохаммедом (Дубай) в 2019 году и направлена на стимулирование международной торговли через первую глобальную программу лояльности для упрощения таможенных и торговых операций, развития эффективных мультимодальных торговых коридоров.

Инициатива предоставляет финансовые и нефинансовые выгоды трейдерам и экспедиторам для увеличения торговли через стратегических партнеров программы, таких как порты, аэропорты, авиакомпании и таможенные службы, сообщили в пресс-службе KAZLOGISTICS.

Роман ЛЮБИМОВ, Нұр-Сұлтан

ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ДЕ ЛАЙЫҚ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

АРДАГЕР

Жырма Семей локомотив пайдалану депосында аға буын өкілдерін құрметті демалысқа шығарып салу рәсімі болып өтті. Бұл жолғы шара бұрынғыдан ерекше. Себебі, ұжым қошеметімен зейнеткерлікке бара жатқандардың екеуі – «Құрметті теміржолшы» төсбелгісінің иегерлері.



Айта кетерлігі, Семей өңірі қазіргі таңда эпидемиологиялық ахуал бойынша «жасыл аймақта» тұрғандықтан әрі депо қызметкерлерінің 99 пайызы вакцинациялаудан толық өтуіне байланысты шағын топқа жиын өткізуге рұқсат берілген. Салтанатты шара барысында ТЧЭ-24 басшысы Болат Сейілханов сөз алып, депоға қырық жыл еңбек сіңірген машинистерге жылы лебізі мен алғысын білдірді.

– Семей локомотив пайдалану депосының ұжымы мен кәсіподақ комитеті құрметті демалысқа шығу қуаныштарыңызбен құттықтап, темір жол көлігіндегі адал еңбектеріңіз және өндірістегі табыстарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Темір жол саласына сіңірген ерен еңбектеріңіз өлшеусіз, – деген Болат Мұхарамұлы «су жаңа» зейнеткерлерге зор денсаулық тіледі.


Бстық лебіздер мен тебіреніске толы тілектерін жаудырған әріптестер қос бірдей Құрметті теміржолшы-машинистің қатар зейнетке шығуы депо тарихында болмағанын да атап өтті. Бәріне ұстаз болып, талай машинисті тәрбиелеп өсірген олар қандай құрметке де лайық десті бірауыздан.

Өз кезегінде әріптестері алдында сөз алған Қайрат Жұмаханов пен Ерлан Сәрсекенов, сондай-ақ, машинист көмекшілері Қайрат Алғожанов пен Қуаныш Мұңсызбаев та ұжым мүшелері мен басшылыққа ризашылықтарын білдіріп өтті. Олардың барлығына да салтанатты түрде алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Салтанатты шара соңында барша ұжым мүшелері естелік суретке түсті.

Суретті түсірген автор

CTRL@LOCK 400 – ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖИЫНТЫҒЫ



ЦИФРАНДЫРУ

Оңтүстіктен солтүстікке, солтүстіктен оңтүстікке қарай күні-түні жүйткіген пойыздар легі кейде бекеттерге аялдамастан өтіп жатады. Ол қозғалыс кестесінің талабы болса, бүгін Майлытоғай бекетінен өткен құрамалар жылдамдығын бәсеңдетіп, кейде аялдап өтуде. Себебі, бекетте 48 сағаттық толаскез жүріп жатыр...

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Сандық жүйедегі Микропроцессорлы CTRL@LOCK 400 қондырғысын тұңғыш рет өндіріске қосу толаскезіне арнайы қатысу үшін астанадан Автоматика орталығының басшысы Бақыт Тойбаев, Эксплуатация басқармасының басшысы Тілеген Бисенов, Автоматика және телемеханика департаментінің бас инженері Евгений Федоров арнайы келсе, қондырғыны монтаждап дайындау жұмысын жасаған әрі іске қосушы мәскеулік ЛокоТех-Сигнал компаниясының техникалық шешімдер бөлімінің басшысы Антон Васильев бірнеше әріптесімен келіпті. Қызылорда қосалқы бөлімшесінің бас инженері Құлхан Белкібаев, бөлімшенің қауіпсіздік бөлімі басшысы Бекжан Өтеулиев, Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының басшысы Әкімжан Қосанов бастаған жергілікті теміржолшылар да осында жүр.

Аймақта теміржол қолданысқан енгізген 1904 жылдардан бастап қозғалысы бір сәтке толастап көрмеген жылжымалы құрамдардың қауіпсіз қозғалысын арттыру үшін жолдың

бабын жасап келе жатқан қызылордалық теміржолшылар 48 сағаттық толаскез кезінде бекеттің екі алқымына бөлініп жұмыс жасады. Бұған дейін байланыс құрылғыларының бекеттің екі басындағы алқымда орналасқанын ескерсек, енді су жаңа, сандық үлгідегі МПЦ CTRL@LOCK 400 қондырғысы бекеттің дәл ортасындағы модульге орналастырылады. Енді бекеттегі қозғалыс осы модульдегі заманауи құрылғымен басқарылатын болады. Оны басқарып отыратын ПЧ-39 мекемесінің арнайы дайындықтан өткен электромеханиктері толаскез кезінде-ақ қондырғы арқылы жіберілген сигналдарды монитор арқылы бақылап, тексеруден өткізе бастады. Оған дейін сынама, бейімдеу жұмыстарын Автоматика орталығының басшысы Бақыт Тойбаев өзі тексеріп, қадағалап отырды.

– Микропроцессорлы CTRL@LOCK 400 – ең соңғы үлгідегі сандық технология. Қондырғы италиялық Эч-Мар құрылғысының базасында жасалған. Ол осыған дейін бекеттегі қолданыста болған 25 реленің атқарған жұмысын бір өзі атқара алатын қауқары бар жүйемен жабдықталған. Мысалы, электрлік орталықтандыру (ЭО) жүйесіне қосылған



бағыттамалық бұрманы қажетті бағытқа бұру үшін кемінде 25-30 реле керек. Ал енді оны сандық технологияның осы 25-30 реленің жұмысын қондырғы блогы ішіндегі бір ғана «микропроцессорлық өткізгіш-объективті контроллер» деп аталатын тетік атқарады. Бұл қондырғы – үлкен ғимаратты қажет етпейтін жинақы, шағын заманауи технология жиынтығы. Сандық жүйедегі заманауи құрылғы еліміздің теміржол саласында тұңғыш рет және Қызылордада қолданысқа енгізілуі де ерекше оқиға болып отыр. Бүгінгі таңда аналогы жоқ қондырғының ерекшелігі орталықтандырылған процессорлардың «екі де екі» (2/2) тәсілімен жұмыс жасайтын еуропалық стандарттарға сәйкес жаратандырылуында болып отыр, – деді Автоматика орталығының басшысы Бақыт Тойбаев.


Сондай-ақ, осы күннен бастап үш ай мерзімде бейімделу, тәжірибелік дағдыландыру сынамамынан өтетін қондырғыны басқару алдағы уақытта Ақтөбеден жүргізіледі екен.

– Бүгінгі күнге дейін қолданыста болған ГПС-52 қондырғысының қосалқы тетіктері шығарылмайтын жағдайға келді. Ол осыған дейін жөндеу, күтім көмегімен жұмыс жасап келді, енді олар тек мұражайға қоюға лайық. ҚТЖ компаниясы басшылығы осындай ескі құрылғыны ауыстыруда бастады. Мына заманауи құрылғы ТМД мемлекеттері ішінде біздің елімізде алғаш рет қолданысқа енгізілуде, – деді жаңа технология жетістігі жайлы Евгений Федоров.

Мамандар айтқан «екі де екі» технологиялық тәсіліне тоқталсақ, қондырғының негізгі программалық блогы жұмыс жасап тұрған кезде қосымша резервде екініші блок жұмысқа дайын тұрады екен. Яғни, жұмыс жасап тұрған блокқа қандай да бір кедергі болатын болса, резервте тұрған екінші блок автоматты түрде жұмысқа жалғастырып кете береді. Керемет емес пе?!

Суреттерді түсірген автор

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ КЕМШІЛІКСІЗ ЕМЕС...



ҚОРЫТЫНДЫ

Күзгі байқау мәресіне жетіп, комиссия өз жұмысын аяқтады. Маңызды шараның қорытындысын жариялаған жиында бөлімшеге қарасты құрылымдардың қысқы маусымда жұмыс істеуге әзірлігі белгілі болды. Сонымен қатар, бірқатар кемшіліктің де беті ашылды.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Нақты айтқанда, ғимараттарды, құрылыстарды, техникалық құрылғыларды күтіп ұстау мен пайдалануда, желілік деңгейдегі басшылардың жеке қатысу нормативтерін орындауда, сондай-ақ өндірістік үдерістер технологиясын пайдалануда бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берілген.

Бөлімшенің бас инженері Александр Ким комиссия өз жұмысын мұқият атқарғанын жеткізді. Айтуынша, тексеру Қаражыңғыл, Қайраткөл, Қулакино, Түркісіб, Құмшағал станцияларының, Жамбыл вагон пайдалану депосының (ВЧД-27), Шу локомотив пайдалану депосының (ТЧЭ-30), Жамбыл локомотив пайдалану депосының (ТЧЭ-31) басшылығы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жеке қатысу нормативін жүргізудің сапалы орындалмайтындығын көрсеткен. «Аталған мекемелердің қызметкерлері өздерінің лауазымының міндеттерін орындауда білімдерінің төмендігін байқатты. Олар өздеріне қарасты станциялар мен кәсіпорындарды күзгі тексеруге толыққанды дайындауды ұйымдастыра алмады», – деді бас инженер.

А.Ким сонымен қатар биылғы күзгі комиссиялық тексеруді өткізуге жоғары дайындықпен келген Бурыл, Тараз, Шақпақ, Жаңатас, Үшбұлақ, Қордай, Бірлік-1, Мыңарал, Жастар станцияларының ұжымдарын атап өтті.

Аймақтағы қауіпсіздік жөніндегі ревизордың орынбасары Медет Жұмырбаевтың баяндамасынан қозғалыс шаруашылығы мен жүк тасымалы жұмысында 147 бұзушылық анықталғаны

белгілі болды. Сондай-ақ 14 тыйым салу шаралары қабылданған. Бұл қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруда станция басшыларының жұмысына басшылық мен жауапты бөлімдердің тарапынан бақылаудың жоқтығын көрсетеді.

«Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тексерулер тиімді жүргізілмейді. Мәселен, Қайраткөл станциясының жұмысына ай сайын талдау жасалмайтынына көз жеткіздік. Сол сияқты, Хантау станциясынан тамыз және қыркүйек айларындағы қауіпсіздік шараларының актісі ұсынылмаған. Бөлімше тарапынан станцияларға техникалық ревизиялар сапасыз жасалады. Айталық, маусым айында Бел, Қулакино станцияларына құрамдарды таратуға қатысатын мамандарды да актілердің сәйкестігіне назар аудармайды», – деп атап өтті ол.

М.Жұмырбаев Тараз станциясында постты оңтайландырып, пойыз қабылдаушысы лауазымын қысқартуына байланысты технологиялық процесс қайта қаралағанын да мәлімдеді. Шу, Тараз, Түркісіб станцияларында сұрыптау жүйесінің жұмысы жөніндегі нұсқаулықта сұрыптау дөңесінен құрамдарды таратуға қатысатын маневрлік локомотивтер жұмысына назар аударылмаған. Сонымен қатар ауа-райы бұзыла қалған жағдайдағы жұмыс барысын ұйымдастыру тәртібі пысықталмаған.

«Шоқпар станциясында вагондарды 3-ші қабылдау-жөнелту жолының жеке учаскесінде тежегіш табандықтарымен бекіту нормасының есебі дұрыс емес. Яғни, 400 метр қашықтықта жол енісінің

нақты тіктігі 2,7-ден 7,2 мыңға дейін болуына байланысты қайта қарау қажет. Жалпы, станция басшылары қозғалыс цехының қызметкерлерін техникалық оқытуға көңіл бөлмейді. Соның нәтижесінде мамандар күрделі ахуалда қалай шешім қабылдауды білмейді. Мысалы, Шешенқара станциясында теміржолшылардың пойызды жедел тоқтату себептерін айта алмағанына күә болдық. Олар стандартты емес жағдайда операцияны орындау ретін түсіндіріп бере алмады», – деген ревизордың орынбасары басқа да кемшіліктер мен оқшылықтарды жіпке тізгендей баяндап берді.

Оның айтуынша, станция басшылары тасымалдау шаруашылығы, жүк жұмысы бойынша қозғалыс қауіпсіздігі айлықтарын тиісті деңгейде ұйымдастырмайды. Мәселен, Бурылбайтал станциясында биылғы 2 тамыз бен 2 қыркүйек аралығында өткен «Станциядағы маневрлік жұмыс» айлығының тексеру актілері жоқ. Тәтті станциясы 22 қыркүйек пен 22 қазан аралығында жасалған «Маневрлік жұмыс және вагондарды бекіту» айлығын қайта өткізу бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарын ұсына алмапты. Құмшағал станциясы мамандары 15 қыркүйек пен 15 қазан аралығында өткен «Ашық жылжымалы құрамда жүктерді тиеу» айлығының талаптарына сәйкес вагондарға жүктерді тиеудің дұрыстығы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізбеген. Осыған ұқсас оқшылықтар Тараз станциясында да кездеседі.

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Үмітбек Рысбеков қозғалыс шаруашылығы мен жүк тасымалына қатысты анықталған кем-кетікті жедел жоюға тапсырма берді. Оларды орындау жауапты бөлімдерге жүктелді.

ҮНЕМДІ ДЕ ТИІМДІ



СЕРВИС

Теміржол билеттерін ресми сайттардан онлайн сатып алу кез келген жанға қол жетімді. Ол үшін www.bilet.railways.kz egov mobile сайт қосымшасын пайдалану жеткілікті. Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келген «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның маркетингтік тобы Ақтөбе теміржол вокзалында жолаушыларға онлайн билет сатып алу жолын үйретті.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Қазақстан темір жолы» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен іске қосылған жобаның қолданыс аясы жоғары. Қазір жолаушылардың 60 пайызы сатылымның бұл түрін пайдаланып жүр. Теміржолшылар тарапынан интернет ресурсты пайдалану әрбір тұрғын үшін экономикалық жағынан тиімді екені халыққа түсіндірілуде.

«Негізгі мақсатымыз – теміржол билеттерін интернет желісі арқылы сатылымның арттыру. Заманауи сандық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы жолаушы кассада кезекке тұрып уақыт жоғалтпайды. Мұндай мүмкіндік беретін өзіміздің www.bilet.railways.kz egov mobile қосымшамыз бар. Сонымен қатар, жолаушылар үшін онлайн билет алуға әртүрлі сайттар қолжетімді. Биыл теміржол билеттерінің 60%-дан астамы онлайн түрде сатылды, біз бұл көрсеткішті келер жылы бұдан да арттыруға тырысамыз және мүмкіндігінше жолаушылардың билеттерді онлайн сатып алуын қалаймыз. Бұл – уақыт пен ақшаны айтарлықтай үнемдейтін ең тиімді әдіс. Әсіресе, бүгінгідей елдегі эпидемиологиялық жағдай кезінде аса қолайлы болмақ», – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның маркетингтік топ басшысы Айгүл Абуталипова.

Олар Ақтөбе вокзалында жолаушыларға онлайн билет алуды үйретіп қана қойған жоқ және билетті кері қайтару, қуту парақшасын пайдалану жолдарын да көрсетті. Сонымен қатар, әлеуметтік статусы бар мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де «цифрлық құжаттар» бөлімінде онлайн билет алу мүмкіндігі жасалған. Сайтта өз деректерін толтырғаннан және дербес деректерді өң-



деуге келісім бергеннен кейін билеттерді сату жүйесі мүгедектік мәртебесін алу үшін «цифрлық құжаттар» сервисіне сұрау салу жібереді. Деректерді тексеру кезінде жолаушының мәртебесі расталады. Бұдан әрі сату жүйесі төлем жүргізу және жол жүру құжатын ресімдеу үшін таңдалған орынға жеңілдікті қолдануға мүмкіндік береді.

«Облыс тұрғындарының басым бөлігі онлайн билет алуы таңдайды. Теміржол кассаларында тұрған жолаушылардың дені – үлкен кісілер. Тұрғындардың дені билет іздеу кезінде қуту парақшасын пайдалануды меңгерген. Ондағы сұраныс арқылы қосымша вагон тіркеледі», – дейді Ақтөбе бөлімшесінің билеттерді сату бөлімінің басшысы Гүлшат Қуканова.

Бүгінгі таңда өңірде 12 жұл жолаушылар пойызының қызметі ұйымдастырылған. №33-34, №23-24, №110-109, №692-691, № 613-614 пойыздары жүріп тұр. Бір күн бойы онлайн билет алудың жолын көрсеткен ақпараттық топтың жұмысына қала тұрғындары да риза. «Билет алу үшін кассаға келген едім. Әп-сәтте телефонмен-ақ билет алып берді. Заманның дамығаны осы шығар. Қазір сервисік қызмет көрсетудің осылай қолжетімді болып дамығаны керемет», – дейді жолаушы Рахия Рауан.

Суретті түсірген автор

ЗОЛОТЫЕ ПРАВИЛА НУЛЕВОГО ТРАВМАТИЗМА



ЦИФРОВИЗАЦИЯ

В XXI веке стал непригодным прежний принцип «спасать и исправлять», и даже более прогрессивный «предвидеть и предупреждать» по-прежнему направлен в сторону опасности. Сейчас важна целенаправленная работа по движению к «культуре предотвращения» как фактору и мотивации формирования культуры безопасности в целом. АО «НК «КТЖ» за последние годы добились в этом значительных результатов.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан

В компании понимают, что нужны качественно новые взгляд и подход к проблеме: предвидеть опасность и создавать безопасность. Одна из первых поставленных задач заключается в обеспечении реализации Поведенческого диалога безопасности (ПДБ). В АО «НК «КТЖ» расширили его границы, включив набор проактивных инструментов (останов работ и Near Miss). Они в настоящее время активно используются сотрудниками компании в мобильном приложении для регистрации в интегрированной системе «Производственная безопасность» (ИС ПБ).

Время не стоит на месте, предлагает новые механизмы, инструменты. Так, цифровизация позволяет управлять и отслеживать процесс безопасности на отдаленных участках производства. В КТЖ – это цифровая мобильная платформа ИС ПБ – один из важнейших инструментов оперативных действий, позволяющих работникам активно участвовать в вопросах обеспечения безопасности.

Цифровая мобильная платформа ИС ПБ обладает тремя преимуществами, которые нынешняя система не может обеспечить частично или полностью – это мобильность, обоснованность и скорость. Первое означает, что использование мобильного приложения позволяет фиксировать нарушения абсолютно везде, второе – возможность прикрепить фото и видеоматериалы позволяет объективно подтвердить факт нарушения, а третье – оцифровка заявлений помогает не тратить время на заполнение бумажных документов и ускоряет обмен данными между подразделениями компании, – рассказывает директор департамента производственной безопасности и экологии АО «НК «КТЖ» Асхат Сариев.

Регистрация всех нарушений в одной системе помогает сделать качественнее работу специалистов по производственной безопасности.

По словам специалистов, у проекта ИС ПБ КТЖ огромные перспективы в части возможности тиражирования ИС ПБ в портфельных компаниях АО «Самрук-Казына» и масштаб Республики Казахстан

как инструмента управления производственной безопасностью в сохранении жизни и здоровья работников всех промышленных отраслей.

– Мы считаем, что одним из способов снизить случаи серьезного травматизма – это выявить и взять под контроль все опасные ситуации, которые влекут за собой новые проактивные инструменты безопасности и внесли весомый вклад в дело предотвращения несчастных случаев.

Ежемесячно 36 работников по четырем категориям поощряются материально за предотвращение потенциально опасных ситуаций и применение проактивных инструментов (1 категория – 2 МРП, 2 категория – 4 МРП, 3 категория – 20 МРП, 4 категория – 130 МРП).

С января 2019 года компания стала членом Международной ассоциации социального обеспечения (МАСО).

Компания использовала руководство Vision Zero для оценки уровня культуры безопасности.



У ПРОЕКТА ИС ПБ КТЖ ОГРОМНЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ В ЧАСТИ ВОЗМОЖНОСТИ ТИРАЖИРОВАНИЯ ИС ПБ В ПОРТФЕЛЬНЫХ КОМПАНИЯХ АО «САМУРК-КАЗЫНА» И МАСШТАБАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КАК ИНСТРУМЕНТА УПРАВЛЕНИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТЬЮ.

В анкетировании через ИС ПБ участвовали более 14 тысяч респондентов.

Все это способствовало разработке адекватных планов по улучшению системы управления производственной безопасностью, что однозначно отразится на культуре безопасности компании. Среди них – дорожная карта, в которой определены основные направления развития СУПБ в среднесрочном плане.

